


Аманкелді аудандық орталық кітапхана
әдістеме-библиография бөлім.



«Өрен жүйрік ақын»

ақын, журналист
Әбжан Әбілтай – 70 жас
/ жаднама /

Аманкелді селосы, 2021 жыл



Қияға самғаған қыран ақын

Әбілтай Әбжан Ғаббасұлы – 1951 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданында дүниеге келді. 1968 жылы Б.Майлин атындағы орта мектепті бітірісімен еңбек жолын Аманкелді ауданында «Таң шұғыласы» газетінде әдеби қызметкер болып істеген. Журналист, ақын, аудармашы. Қазақ мемл. ун-тінің журналистика факультетін бітірген. 1971-99ж. Аралығында

Торғай облысы «Торғай таны», Арқалық қ. «Торғай» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, Арқалық қаласының Әкімдігінде тіл бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды.

2000-2004 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінде аудармашы-редактор, бөлім меңгерушісі болып істеген. 2004 жылдан ҚР Энергетика және материалдық ресурстар министрлігінде мемлекеттік тілді дамыту басқармасының бастығы қызметін атқарған. Мектеп қабырғасында жүріп өлең жазумен әуестенген Ә.Әбілтайдың алғашқы туындылары аудандық, республикалық газеттерде жарияланды.

Ақын шығармашылығының жемісті бір саласы – көркем аударма.

Қазір Қазақстан Республикасы Мұнай газ министірлігінің Мемлекеттік тілді дамыту басқармасының бастығы болып қызмет істейді.

Алматы қаласында жыр жүйріктерінің алдында дүрілдетіп өлең оқып олардың жылы лебіздерін естіді. Бұған:

Жазғаның жақын түгел жат ұғатын,

Жайыла қоймағанмен ақын атым.

Арқамнан қағып сұңқар Мұқағали,

Батасын бетрген Ғафу ақын.

Ерекшелігі – Әбжан Әбілтай ескінің жетегіне ермейді. Өзіндік қолтанбаға ие. Былайғылдардай Отанын, туған жерін, замандастарын, әсем табиғатты, шынайы махаббатты төгіліп жырлағанымен өміріміздегі келенсіз көрністерді қалт жібермейді.

Мерзімді басылымдардағы жариялымдары:




1. Асқарбектің асуы [Мәтін] : [қаламгер Асқарбек Бектемісов туралы] / Әбжан Әбілтай // Егемен Қазақстан. –2012. – 26 қаңтар. – 13 б.
2. Басқадан қоюшы едім сені биік [Мәтін] : [ақын Әбжан Әбілтайдың 60 жасқа толуына орай] / Әбжан Әбілтай // Аманкелді арайы. - 2011.-15 сәуір. - 3 б.
3. Жүгінсем, ақиқатқа жүгінермін [Мәтін] : [өлең] / Ә.
4. Әбілтай. // Ана тілі.- 2012.-8-14 қараша. - 10 б.


5. Ой үздіктері [Мәтін] : [ақын Әбжан Әбілтайдың шығармашылығы туралы] / Әбжан Әбілтай. // Қостанай таңы.- 2013.-20 қараша. - Б. 11.
6. Әбеу, Күнжан."Халық бізге сенім артады" [Мәтін] : [дейді аманкелділік жас депутат] / Күнжан Әбеу// Қостанай таңы- (жастар. KZ).- 2013.-27 қыркүйек. - Б. 9.
7. Егемендіктің елдікпенен түбі бір [Мәтін] : [қаламгер Әбжан Әбілтайдың өлеңдер топтамасы] / Әбжан Әбжан // Қазақ.- 2012.-23-30 наурыз. - Б. 10.
8. Сәуір, сенен туғанмын, жаратылғам! [Мәтін] : [өлеңдер топтамасы] / Әбжан Әбжан // Қазақ.- 2013.-12-19 сәуір. - Б. 6
9. Әуен де өзі, ән де өзі [Мәтін] : [сазгер Қалибек Деріпсалдин туралы] / Әбілтай Әбілтай // Торғай таңы.- 1992. -3 қаңтар. - Б. 4
- 10.Басқадан қоюшы едім сені биік [Мәтін] : [ақын Әбжан Әбілтайдың 60 жасқа толуына орай] / Әбжан Әбілтай // Аманкелді арайы.- 2011.-15 сәуір. – Б. 5.
- 11.Жүгінсем, ақиқатқа жүгінермін [Мәтін] : [өлең] / Ә. Әбілтай // Ана тілі.- 2012.-8-14 қараша. – Б. 10.
- 12.Көкжалдар жорытқан далада [Мәтін] : [өлеңдер] /Әбжан Әбілтай // Ана тілі.- 2015.-2-8 сәуір. - Б. 10.
- 13.Ой үздіктері [Мәтін] : [ақын Әбжан Әбілтайдың шығармашылығы туралы] / Әбжан Әбілтай. // Қостанай таңы.- 2013. – 20 қараша. - Б. 11.
- 14.Ағаға наз [Мәтін] : [Серікбай Бірімжанұлы Тапаевқа : өлең] / Ә. Әбілтай // Торғай. - 2018. - 27 сәуір. - Б. 4.
- 15.Айтылмаған өлең ; Тойдағы тілек [Мәтін] : [өлеңдер] / Ә. Әбілтай // Торғай таңы. - 1996. - 31 қаңтар. - Б. 3.
- 16.Ақын еді қын түбінде жатпаған... [Мәтін] : [ақын Байдақ Молдашұлының туғнына 70 жыл] / Ә. Әбілтай // Торғай таңы. - 1996. - 27 сәуір. - 2 б.
- 17.Асқарбектің асуы [Мәтін] : [қаламгер Асқарбек Бектемісов жайлы : суреті бар] / Ә. Әбілтай // Егемен Қазақстан. - 2012. - 26 қаңтар. - Б. 13..
- 18.Астана Солтүстік шұғыла ; Аударма ; "Папа", "мама" туралы [Мәтін] : жыр жолдары : [автордың фотосы бар] / Ә. Әбілтай ; бөлімді Дамир Әбіш жүргізеді // Қостанай таңы. - 2014. - 18 сәуір. - Б. 9.
- 19.Әуен де өзі, ән де өзі [Мәтін] : [сазгер Қалибек Деріпсалдин туралы : суреті бар] / Ә. Әбілтай // Торғай таңы. - 1992. - 3 қаңтар. - Б. 4.
- 20..Басқадан қоюшы едім сені биік [Мәтін] : [ақын Әбжан Әбілтайдың 60 жасқа толуына орай]; суреті бар / Ә. Әбілтай // Аманкелді арайы. - 2011. - 15 сәуір. - 3 б.
- 21..Беу, аға, келісіп тұр төрдегі орның! [Мәтін] : [Серікбай Тапаевқа : өлең] / Ә. Әбілтай // Торғай. - 2018. - 27 сәуір. - Б. 4.
- 22.Досты аңсау [Мәтін] : [өлең] / Ә. Әбілтай // Торғай таңы. - 1997. - 24 мамыр. - Б. 4.
- 23.Дүниежалған [Мәтін] : өлеңдер, аудармалар / Ә. Әбілтай. - Астана: Фолиант, 2011. - 352 б.
- 24.Әбілтай, Әбжан. Жанарға шықса от ойнап [Мәтін] : өлеңдер / Ә. Әбілтай // Жұлдыз. - 2011. - № 7. -54-56 б.

- 25.. Жәнібекке [Мәтін] : [ұстаз Жәнібек Ғалпбасұлына] / Ә. Әбілтай // Арқалық хабары. - 2018. - 16 ақпан. - Б. 3.
26. Жүрекжарды [Текст] : өлеңдер / Ә. Әбілтай. - Алматы: Жазушы, 2003. - 150 б.
27. Қала көркіне көлеңке түсірмейік [Мәтін] : [Торғай өңіріндегі түбегейлі өзгерістердің қала тұрпатына әсері туралы] / Ә. Әбілтай, Н. Әбілдә // Торғай таңы. - 1995. - 26 тамыз. - 2 б.
28. Қалтқысыз қызмет етті [Мәтін] : [Мырзабай Кеңбейілов туралы] / Ә. Әбілтай // Қостанай таңы. - 2018. - 16 қаңтар. - Б. 7.
29. Әбілтай, Әбжан. Құрдастарға наз [Мәтін] : [өлең] / Ә. Әбілтай // Торғай таңы. - 1997. - 24 мамыр. - Б. 4.
30. Сейіт мектебіне [Мәтін] : [өлең] / Ә. Әбілтай // Торғай таңы. - 1995. - 30 тамыз. - Б. 4.
31. Сейдахмет ақынның "Түлкі мен сауысқан" атты мысал өлеңі төңірегінде [Мәтін] : [мысалдар] / Ә. Әбілтай // Торғай таңы. - 1996. - 10 ақпан. - 4 б.
32. Тіл мен жақ [Мәтін] : жыр-шашу / Ә. Әбілтай ; алғы сөз жазған: Ж. Сомжүрек. - Астана: Фолиант, 2015. - 168 б.
33. Табаның туған жерден аудармаған [Мәтін] : [өлең] / Ә. Әбілтай // Торғай таңы. - 1997. - 24 мамыр. - Б. 4.
34. Торғайдың толқынында бірге жүзген [Мәтін] : [Серікбай Тапаевтың 70 жылдығына] / Ә. Әбілтай // Торғай. - 2018. - 27 сәуір. - Б. 4.
35. Торғайдың толқынында бірге жүзген [Мәтін] : [өлең] : Серікбай Бірімжанұлы Тапаевқа / Ә. Әбілтай // Арқалық хабары. - 2018. - 5 мамыр. - Б. 4.
36. Асқарбектің асуы [Мәтін] : [қаламгер Асқарбек Бектемісов жайлы : суреті бар] / Ә. Әбілтай // Егемен Қазақстан. - 2012. - 26 қаңтар. - Б. 13.
37. Басқадан қоюшы едім сені биік [Мәтін] : [ақын Әбжан Әбілтайдың 60 жасқа толуына орай]; суреті бар / Ә. Әбілтай // Аманкелді арайы. - 2011. - 15 сәуір. - 3 б.
38. Беу, аға, келісіп тұр төрдегі орның! [Мәтін] : [Серікбай Тапаевқа : өлең] / Ә. Әбілтай // Торғай. - 2018. - 27 сәуір. - Б. 4.
39. Досты аңсау [Мәтін] : [өлең] / Ә. Әбілтай // Торғай таңы. - 1997. - 24 мамыр. - Б. 4.
40. Дүниежалған [Мәтін] : өлеңдер, аудармалар / Ә. Әбілтай. - Астана: Фолиант, 2011. - 352 б.
41. Егемендіктің елдікпенен түбі бір [Мәтін] : [өлеңдер] / Ә. Әбілтай // Қазақ. - 2012. - 23 - 30 наурыз. - 10 б.
42. Жанарға шықса от ойнап [Мәтін] : өлеңдер / Ә. Әбілтай // Жұлдыз. - 2011. - № 7. - 54-56 б.
43. Қала көркіне көлеңке түсірмейік [Мәтін] : [Торғай өңіріндегі түбегейлі өзгерістердің қала тұрпатына әсері туралы] / Ә. Әбілтай, Н. Әбілдә // Торғай таңы. - 1995. - 26 тамыз. - 2 б..
44. Құрдастарға наз [Мәтін] : [өлең] / Ә. Әбілтай // Торғай таңы. - 1997. - 24 мамыр. - Б. 4.

Әбжан Әбілтай туралы

45. Сомжүрек, Жұма-Назар. Арқаның арқалы ақыны [Мәтін] : [белгілі ақын Әбжан Әбілтаев туралы үзік бір сыр] / Жұма – Назар Сомжүрек. // Қазақ әдебиеті.- 2011.-27 мамыр. – Б. 11.
46. Жүнісісұлы, Жақсылық. «Батасын берген Ғафу ақын» [Мәтін] : [ақын Әбжан Әбілтайдың шығармашылық кеші] / Жақсылық Жүнісұлы // Қостанай таңы. - 2005.-12 қантар.-Б. 8.
47. Әбілтай, Әбжан. Ой үздіктері [Мәтін] : [ақын Әбжан Әбілтайдың шығармашылығы туралы] / Әбжан Әбілтай // Қостанай таңы.- 2013.-20 қараша. - Б. 11.
48. Әкімжанов М. Толағай сыр, толымды жыр [Мәтін] : [Арқалы ақын 60 жаста] / М.Әкімжанов. // Қостанай Таны.-2015.-10 сәуір.- Б. 5.
49. Торғай елі: Энциклопедия /құраст.: Танатқан Рсаев.-Алматы: «Арыс», 2013.- 84 Б





Әбжан Әбілтай жары Бақыт Шәріпқызы




Әбжан Әбілтай жары Бақыт және балаларымен



Әбжан Әбілтайдың анасы, жары және балалары











Әбжан Әбілтай қаламгерлермен



Әбжан Әбілтай әріптестермен

*«Жазғанын жақын түгіл, жат ұғатын,
Жайыла қоймағанмен ақын атым,
Арқамнан қазып сұңқар Мұқағали,
Батасын берген дүлдүл Ғафу ақын»*

*Ұлы атам Сейдахмет – жыр тарланы ,
Жырына қану еді – жұрт арманы.
Таусылмас Сейдахмет мұхит болса,
Мен – оның құйып жатқан бір тармағы*



Ақын Әбжан Әбілтай 1951 жылы 1 сәуірде Қостанай облысының Амангелді ауданында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Оның әр жылдары республикалық баспалардан «Қарлығаш», «Көктем бояулары», «Жүрекжарды», «Дүниежалған» атты жыр кітаптары, «Жер басып жүрген соң» деген атпен көркем-публицистикалық мақалалар жинағы жарық көрген.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының «Әлем әдебиеті» сериясы бойынша Эмиль Золяның, Н.В. Гогольдің роман, повестерін, Пьер Жозеф Прудонның жекелеген ғылыми еңбектерін, сондай-ақ С. Есениннің, И. Бродскийдің, Е. Евтушенконың, А. Вознесенскийдің, Камюл Насруллоның бірқатар өлеңдері мен поэмаларын аударған.

FOLIANT

ТІЛ мен ЖАҚ

Әбжан Әбілтай

Әбжан Әбілтай

ТІЛ мен ЖАҚ



Әбжан Әбілтай 1951 жылы 1 сәуірде Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Ақкісі ауылында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

«Қарлығаш» («Жалын», 1983 ж.), «Көктем бояулары» («Жалын», 1988 ж.), «Жүрекжарды» («Жазушы», 2003 ж.), «Жер басып жүрген соң» («Фоллиант», 2010 ж.), «Дүниежалған» («Фоллиант», 2011 ж.), «Тіл мен жақ» («Фоллиант», 2015 ж.) кітаптарының авторы.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Әлем әдебиеті» сериясы аяқталғанда Э. Золяның «Тереза Ракен» романын («Аударма», 2006 ж.), Н. Гогольдің «Тарас Бульба», «Күлме», «Шинель» повестерін («Аударма», 2010 ж.), И. Бродскийдің өлеңдері мен поэмаларын («Орыс поэзиясы, XX ғасыр» «Аударма», 2007 ж.) француз социалисті және философы Ж. Прудонның «Кедейшілік экономикалық принцип ретінде», «Менің дегенім не?» деген ғылыми еңбектерін («Қазақстан», 2006 ж.); С. Есениннің, Р. Гамзатовтың, Е. Евтушенконың, А. Вознесенскийдің, Р. Рождественскийдің, тәжік ақын-дары К. Насрулло мен Г. Сафиеваның біраз өлеңдерін қазақ тіліне аударған.

Жүрегімнің сүзгісі

Әбжан ӘБІЛТАЙ



Әбжан ӘБІЛТАЙ

Жүрегімнің сүзгісі



Қазақстан жазушылары: Қоғабай Сәрсекеев, Серік Тұрғынбеков



Ақын Әбжан Әбілтай



Әбжан Әбілтай немересімен



***Әбжан Әбілтай бір топ қаламгерлермен
Өлеңі асқақ мінезіндей өзінің...***

(ақынның досы Орынбек Жолдыбайдың студенттік естелігінен)

Ақын, журналист, ана тілінің жанашыры ӘбжанӘбілтай туралыәңгімені Қазақстанның әрқиырынан Алматыға арман қуыпкелген талапкерлер өмірінен бастағанды жөн көрдім.

Мұның да өзіндік себебі бар. ҚазМУ дың болашақ журналистер даярлайтын факультетіне құжат тапсырып, жазғы демалысқа кеткен студенттер жатақханасынан орыналып, емтихан дайындығына кіріскен кезіміз.

Менің бөлмемдегі бос орынға сұңға қбойлы, қараторы өңді, көзқарасынан жанарында ұшқын оты ойнаған жігіт орналасты. Ол өзін Әбжан деп таныстырды. ӘңгімесіненТорғай облысының тумасы екенін, аудандық газетте жұмыс істегенін, әскери борышын өтеп қайтқаннан кейін оқуға түсуге талпынып көруге келгенін түсіндім. Менің де әскерден оралып, ауылға соқпай Алматыға тартқан бетім. Бұл ұқсастыққа ішім жылып қалды.

Әбжан ақын сол бір жастық шақ кезеңдерін мынадай өлең жолдарымен өрнектеген еді:

Әскерден елге оралып, аман-сауқап,
Көмейден ауызаш сақ өлең саулап,
Емтихан есінде ме, Мекішевке,
Сауетіп кіріп барған кілең солдат?
Аяқта етігіміз тағалаған,

Артында өңшең бұзық қамалаған,
Кездерің есіндеме, пәтеріз деп,
Тастақтың көшелерін жағалаған?

..

Он бес шумақтан тұратынұзақ өлеңнен Әбжанның өр рухты қайсар мінезі қылаң беретін тұстарын әдейі келтіріп отырмын. Ақынның «Әскерден елге оралып, аман-сауқап» деп тұспалдауының да мәні бар.

Тумысынан намысқой жас жігіт әскери борышын өтеушілер арасында орыналатын келеңсіз көрініс – әлім жеттікке көнбей, қызыл ала төбелестің неше алуанын бастан өткеріп, аман-есен елге оралғанын меңзеп отыр. Әбжанның бойындағы осындай қайсарлық қа өзім де куә болдым.

Сонда оның ақынға тән албырттығы мен қоса, батырға тән өжеттігі қатар өріліп, түр-тұлғасына ерекше бір айбат беретінін аңғардым... Әбжанның тумысынан ақын екені жүріс-тұрысынан, шалт қимылынан, сезімталдығынан, жай адам байқай бермейтін нәрседен ой түйіп, арқаланып, шабыттанып кететін мінезінен аңғарылады. Ол өзінің болашақ та ие болатын журналист мамандығын өлеңге қосып, тыңдашы деп бөлме ішінде ерсілі-қарсылы жүріп, қолдарын сермелеп, ерекше шабыттанып, беріліп оқиды. Бүгін бір қызбен таныстым. Керемет сұлу. Соған ғашық болып, мынадай өлең шығардым, тыңдашы деп, махаббат жырын бастап кетеді. Қысқасы, жиырмадан енді асқан, бойындағы алапат шабыт пен жастық жігер ұштасып, өзін қоярға жер таппай жүретін ақын Әбжан екеумізге күндізгі оқу бұйырмай, сырттай оқуға түстік те, ол еліне аттанып, мен Алматыда қалып қойдым. Кейін оны Әбжан жырға қосты.

Алматыға сыймаған ақын Әбжан мен ара қатынасымыз бәрі бір үзілген жоқ. Сессияны сылтауратып астанаға соғатын ақын алдымен мені іздеп табады. Содан кейін қала көшелерін армансыз адақтайтын хикая басталады. Әбжан да ақша көп. Күнде мейрамхана. Торғай өңірінен түлеп ұшқан ақындарға жолығады. Оларды да қарққылады. Мұның бәрін мен Әбжанның ақындығын былай қойғанда, азаматтығын, достыққа, жолдастыққа адалдығын көрсету үшін айтып отырмын. Сол адалдықтың белгісін арада он даған жыл өткеннен кейін ақын Әбжан тағы дәлелдеді.

Бұл кезде біздің есейіп, балалы-шағалы болып, балапан басымен, тұрымтай тұсымен жүрген кезіміз. Бір-біріміздің амандығымызды сырттай әлде кімдерден естігеніміз болмаса, жер шалғайлығынан аралас-құраластығымыз тыйылған.

Сөйтіп жүргенде астана Арқаға қоныс аударып, біз де қызмет бабымен Ақмоладан бір-ақшықтық. Күндердің күнінде шырете түскен жұмыс телефоныма құлақтосқан едім, ар жағынан қарлығашық қанқоңыр дауыс естілді...

Ақын Әбжан мен ондаған жылдан кейін осылай кездестік. Бүгін де ақын досымның келбетіне қарап, оның бәз-баяғы қайсар қалпын көргендей боламын. Тумысында бар өжеттік өлеңдерін де атойлап тұрғанымен, ақын жүрегінің жастыққа тән албырттықтан біртін деп арылып, сабырлы ой мен салқын ақылға құрық тастай бастағаны аңғарылады. Ақынның соңғы жылдары жазған «Жүрекжарды», «Бүгінгіөлең», «Ардағым», «Кісілік пен кішілік» және басқа өлеңдерінен осындай пәлсапалық ой түйюлер байқалады. Оның бәрі кемеліне келген, өмірге ой көзімен қараған нағыз ақынның сөз саптаулары.

Ә.Әбілтайды тумысынан ақын деп бағалайтынымыздың және бір себебі – ол өмірдің не бір өткелектерінен өтсе де, не бір қиындықтарды бастан кешсе де, өлеңді үнемі жанына серікетумен келеді. Көрген-білгенін, ойға түйгенін өлең жолдарына түсіріп, содан жаны рақатқа бөленетіндей. Оның өлеңдерінің тақырыптарын ақтарап отырып-ақарқалы ақынның зор шабытынан нәр алғандай боласың. Ол нені жырласа да, Отанын өлеңге қосса да, досына жыр арнаса да, махаббат тақырыбын қозғаса да, табиғатқа таңырқаса да, көңілдің кейбір сәттеріне назараударса да шабыттанып, беріле жырлайды, ұйқас-ырғақтар үйлесім таба төгіліп, оқырманын бірден баурап әкетеді. Әбжан Әбілтай қазір толысқан шағында. Өлеңді өміріне серікеткен, тіршілігінің мән-мағынасы жырға мықтап матаулы ақынның әр жылдары «Жалын» баспасынан «Қарлығаш», «Көктембояулары», «Жазушы» баспасынан «Жүрекжарды», «Фолиант» баспасынан «Дүниежалған», «Тіл мен жақ» атты жыр жинақтары, «Жер басып жүрген соң» атты мақалалар, сұхбаттар, рецензиялар, репортаждар қамтылған кітабы жарық көрді.

Ақын соңғы жылдары көркем аудармаға да атсалысып жүр. Ол «Мәдени мұра» бағдарламасының «Әлем әдебиеті» сериясы бойынша француздың дүние жүзіне аты мәшһүр классик жазушысы Эмиль Золяның, орыстың ұлы жазушысы Николай Гогольдің бір қатар роман, повестерін, әлемге әйгілі орыс ақындары, Нобель сыйлығының лауреаты, Иосиф Бродскийдің, Евгений Евтушенконың, Андрей Вознесенскийдің, авардың ұлы ақыны Расул Гамзатовтың, тәжіктің танымал ақыны Камол Насуроллоның өлеңдері мен поэмаларын қазақ тілінде сөйлетті.

Әбжан Әбілтайдың ақындығы туралы әңгімелей отырып, оның журналистік еңбегін елемей кетуге болмайды. Керісінше, ол бозбала шағында аудандық газетте бастаған журналистік қызметін күні бүгінге дейін жалғастыру мен келеді. Атап айтқанда, облыстық «Торғайтаңы» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі болып, облыс тарағанша жұмыс істеді. Сонан кейінгі қызметі мемлекеттік тілді дамытуға үлес қосумен жалғасып келеді. Қазақ тілін дамытуға қосқан үлесі лайықты бағаланып, «Астананың 10 жылдығы» мерекелікмедалімен, Құрмет грамоталарымен, Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Тіл жанашыры» құрмет белгісі мен марапатталды.

Ә.Әбілтай соңғы жылдары шыққан бір кітабын зайыбы Бақыт Шәріпқызына арнапты. Бұл да жарасып тұр. Әбжан – ақын. Ақын адам сезімтал келеді, сері келеді. Болмашыға күйінеді, болмашыға сүйінеді. Сырдың суы сирағынан келмей жүретін кездері болады. Сондай бір сәттер де сабыр сақтап, отбасының шырқын бұзбай, отағасын мәмілеге шақырып, шаңырақ түтінінің түзу шығуына септесіп келе жатқан жан жары. Қыздары Ақмарал мен Рауан, егіз ұлдары Ғани мен Ғали бүгін де бірі бой жетіп, бірі ержетіп, ата-аналарының қолғанаты болуға жарап қалды.

Ақмарал – өзінің жолын қуған журналист, коммерциялық теледидар басшыларының бірі, Рауан – мәдениет саласының белді қызметкері, Ғани мен Ғали да жоғары оқу орындарын бітіріп, өз салалары бойынша еңбекетіп жүр.

Жары Бақыттың, балаларының арқасын да өмір қырына шығып, айналаға қырандай көзтастаған Әбжан бұған дән риза. Әмән да бағың басыңда, Бақытың мен балаларың қасыңда болсын асыл дос демекпін.

*Орынбек Жолдыбай,
филология ғылымдарының кандидаты*

Ұлы дала бәрі бір тауларыңнан тектірек
(Әбжан Әбілтайдың шығармаларынан)

Таулар рас, тәңірім, Тұрған шығар
көк тіреп.
Ұлы дала бәрібір
Тауларыңнан тектірек.
Қит еткенге қуанып,
Құлақ түрдім күмбірге.
Жау келді деп жыланып,
Тығылғам жоқ үңгірге.
Ошағымның отын ап,
Үлестірдім, Жасаған.
Үңгірімде жатып ап,
Тас атқам жоқ тасадан.
Сен күш беріп, байтағым,
«Аллажар!» деп аруақ,
Жауларымды жайпадым,
Қайқы қылыш қолыма ап.
Түсіңе енер тіпті бұл,

Көзінді сал картаға,
Сүйресе де өр талап,
Алатауды Арқаға
Апармайсың арқалап.
Айналайын, бол әділ.
Әлемнің кең картасы.
Арқа деген –
Даланың

Айып етпе, жамағат.
Аман алып шықты кіл
Астымдағы жарау ат.
Бабаларым берді ерік,
Ұрпағымын мен салдың.
Ат үстінде тербеліп,
Әуелетіп ән салдым.
Тәубеге кеп, уандым,
Бір тіріліп, бір өліп.
Жауды көрсем қуандым,
Жауар бұлттай түнеріп.
Ат үстінде шіреніп,
Жауды көрсем он сан, мың.
Ө, бәлем, деп түнеріп,
Қорамсаққа қол салдым

омыртқасы, қаңқасы.
Арқа деген –
Даламның
Кеңірдегі, қолқасы.
Қолқамды мен, қарағым,
Бере алмаймын.
Ант осы.

Ер төсектен безінбей,
Енді, енді деп көз ілмей,
Өзіңді түбі таппайсың,
Өзіңді құдай сезінбей.
Естінің асыл сөзіндей,
Ескінің қымбат көзіндей,
Есіркеу, есіл сезімдей,
Еңкеу түспес төзімдей,
Өзгені тани алмайсың
Өзіңді құдай сезінбей.

Амангелдім,
сен дегенде жан бөлек,
Жүрек бөлек.
Тұлабойда қан бөлек.
Жан құлазып,
жабыққан бір кезімде
Қайта тұрам қолтығымнан сен
демеп.
Айлап-жылдап салмасам да ат ізін
Айтпа маған келме деп.
Киелі өлкем,
бұл жалғанға келерде
«Ал келдім!» деп айқайлады мен
елге.
Өлгенде де атыңды атап өлермін.
Туған жер деп күбірлермін өлерде.
Өз ұлыңмын.
Өгей ұлың емеспін.
Өркөкірек, өзімшілдеу боп өстім.
Бірақ сені бір сұлудың меңіне
Бере салар Хафиз қожа емеспін.
Артық емес арнасам да қанша жыр,
Сенде шыққан қымбат маған әр
шағыр.
Самарқан мен Бұқараны көз қиып,
Қалай ғана бере салған сол шәйір?!

Баурынан балалатқан сан ұрпақты,
Өмір де саған келіп дамылдапты.
Тәңір де сені көріп, таңырқапты.
Неше жыл көтермеген көн тулақтың
Шыңғыстар шығыстан кеп шаңын
қақты.
Бетінен қақса керек өмір қатты,
Бабамыз талай бізді таңырқатты:
Құлынның қасқасының бәрін біліп,
Бақыттан басқасының бәрін тапты.
Сен мені осым үшін кешір, Баба,
Жадыңнан өшір, Дала, өшір, Баба.
Шынында жөні түзу не айтушы еді
Орысқа малай болған көшір бала.

Ұлы ақынға осыныңыз айып деу
артық болар.
Білер оны байыпты ел.
Мен де ішемін.
Сонда да сол шәйірің
менен гөрі болған шығар кәйіптеу.
Туған өлкем, сен – әкесің,
мен – бала.
Қай кезде де бала – бала,
ел – баба.
Бүгінгінің бәрі қажы, періште,
Күнәһар боп туған жалғыз мен ғана.
Бір сен үшін
шашылса да мал қанша,
Сүйем сені
жан-жүрегім талғанша.
Өзірейіл періште кеп бір күні
Қу жанымды қалап, сұрап алғанша.
Сенсіз менің өмірімнің мәні не?!
Мен жершілмін
қарамай-ақ әліме.
Қалай берем көзім қиып мен сені
Бір сұлудың көз арбаған меңіне?!
Жоқ, бермеймін
Рүстем батыр тебініп,
Бес қаруын кезеп тұрса Әлі де.

Қыздар – өріс,
Болар елге ұл көрік,
Өрттей қаулап шықтық сенен бірге
өріп.
Қонағым деп құрақ ұшпа сен маған,
Құлақкесті мен қалайын құл болып.
Амангелдім, қалқайғанды қал демеп,
Шалқанғайға шуағың шаш.
Бер көмек.
Бәрі сенің желдеп кеткен құлының.

Астанада болмағанмен әлі кеш,
Бәрі де «окей!», «нормально»,
Бәрі бес.
Бес тіл білсек теңелеміз басқамен
Дейді бізге түрі қазақ жарымес.

Жат жер маған – жат жер мүлдем.
Мені ұқтыр
жаһанданған жарымеске сеніп бір.
Мың жасасам, мен баспайтын сол
жерді
Сол жарымес бес тиынға беріп тұр.

Қайтем кезіп қазағы жоқ ол жерді,
Жаһандансам, айтшы содан не
өзгерді?!
Астанада қазақ деген қаны жоқ
Көрем кілең қамсыз қыли көздерді.

Жиырма жылда жеткен жерің осы
ма,
Головкиндер, Поветкиндер,
Джошуа.
Әбдісалан, Әбілсейтті ұмытып,
Қарау қазақ, не күн туды басыңа?

Мен соқырмын.
Маған енді бәрібір.
Отан да – нұр, қотан да – нұр.
Бәрі – нұр.
Құдай берген қалқаламай нұрымды,

Есірке сен.
Есін жисын елге кеп.
Бабасының бассын ыстық
топырағын,
Айтпа оларға енді қайтып келме деп.
Он сан қиыр,
он сегіз мың ғаламда
Амангелдім,
жаралғансың сен бөлек!

Құдай үшін,
әрі тұршы, жарығыр!
Білу қайда қасиетті, обалды,
Ең тәуірім қолды болды, тоналды.
Сұрқай жүзім сол баяғы сүреңсіз.
«Нұрланбаған» не қалды?!
Ағайын-ау, ойласаңшы бір мезет.
Арамзалар мылтықтарын тұр кезеп,
Бұл неғылған жауабы жоқ нұр-
жұмақ,
Нұр бірдеңе, нұр бәленше, «нұр kz»!
Қайсың барсың?
Айыптайын әй, кімді?!
Ел едің ғой, ерге мінген айбынды.
Қазақ деген қуатты сөз қамығып,
Нұр деген сөз қуатынан айрылды.

Тілім біті,
Қашанғы енді қор болам,
Бұл қорлықты көргенше сен өл,
Далам.
Күнің құрсын сол жыраулар
толғаған,
Сорлы ақының мен болайын
сорлаған.
Орысшадан енді келіп безініп,
Ағылшынша...
Керек еді сол маған!
Бұл бір сұмдық ешбір елде
болмаған,
Осы саған ақырзаман орнаған!

Текемет

Қарын тойып,
қаймақ қатса ерінге,
тоқшылықтан аз ба күндер
жерінген?
Бір текемет
көздің жауын алатын
жатты біраз біздің үйдің төрінде.
Тұрмыс өрлеп,
жүрдек уақыт озғанмен,
өткеніңсіз
ертеңге қол созған ба ең?
Сол текемет
солғын тартып, күйе жеп,
түгі түскен тулақтай боп тозды
әбден.
Көненің бір көзіндей ғып,
мұра ғып,
ұстап жүрген мүлік еді бұл анық.
Енді бірде енесінің жоғында
Келін тысқа тастады оны шығарып.
Қымбатынан айрылғандай әлдебір,
Жабықты анам
күйге түсіп қамкөңіл:
– Ескі-ұсқыдан құтылуға асықсаң,
Сол текемет секілдімін мен де бір...

Сабыр, ана!
Ойлануға мұрсат бер,
Маңдайымнан сорғаласын бұршақ
тер.
Ей, ғұмырым!
Бақ бер маған бармақтай,
Сол бағымды бағалайтын ынсап бер!

Мені өмір дауға салды, жауға салды,
Лапылдап жанып тұрған қауға
салды.
Жауымның жауы ғана жауласса алды,
Дауымның дауы ғана дауласса алды.

Мені өмір сызға салды, құзға салды,
Есіркеп, елер кім бар біз нашарды.
Бәрібір айтпаймын деп қыз қасарды,
Бетімнен қайтпаймын деп ұл
қасарды.

Қалқам-ай, қайтесің сен мені қажап,
Болсын де денім азат, демім азат.
Абай да, Ахмет те оятпаған
Мен қайтып оятамын сені, Қазақ?!

Әулеттің ырыздығы, құт, арымын,
Бір зәулім бәйтеректің бұтағымын.
Тозбайтын ту даламдай төзімдімін,
Қинасаң, қиын емес тұтануым.

Алдымен өз жаныңа көр үңіле,
Кейімін кейде тіпті кей ініме:
Құдай да береді деп қылығыңа,
Тәңір де береді деп пейіліңе.

Мен емес «осы жаман керек-аулап»,
Мен емес есіркейтін «бөлем-аулап».
Жаныңда жақсылықтың жұрнағы
жоқ,
Жарқыным, жүргенің жөн менен
аулақ.
Мен, рас, жарылқаған бақ-тәңірім,
Жарылар жалын тисе оқ-дәрімін.
Бықсықты көзді ашытып үрлей
бермей,
Отыңды ошағыңда, сақта, күнім.

Қарағым, біз де келдік бірер жасқа,
Әлі де аз ғұмыр бар сүрер баста.
Аспаннан түскендей боп, аңқаусыма,

Біз көрген ол ел басқа, бұл ел басқа.
Қарағым, біз де келдік бірер жасқа,
Бұл күнде айқай басқа, сүрен басқа.
А десең болды, аспанға алып ұшар
Кермеде керулі тұр күреңқасқа.

Құдай-ау, ұлан байтақ ең далада
Жападан жалғыз қалған мен ғана
ма?
«Сенікі қате» десе, құлағың сал,
«Сенікі дұрыс» десе, сенбе, бала.
Қайтеміз бет жыртысып,
Өлгеннен соң,
Төрт метр түбі барар көрге бола.
Төзімім тарамыстай – сол ғана еді,
Созылып,
шырағдандай сөнген о да.
Алдымен елге қара, жерге қара,
Босаға, табалдырық, төрге қара.
Алауыз ағайыннан ауыз күйді,
Сенікі дұрыс десе, сенбе, бала!
Қайтеміз бет жыртысып,
Көп қырқысып,
Аядай арыздасып жерге бола.

Ең алғаш туған жерде тамды қаным,
Жар сүйдім, жалын құштым, жанды
бағым.
Басылар бірте-бірте тән құмары,
Бірақ та қанар ма екен жан
құмарым?!

Жуаспен жолдас болдым,
төрелермен,
«Ө» десем, көмейімнен өлең өрген...
Бұзық та болдым біраз болмағасын,
Әйтсе де бәрін менен көре берме.
Қалқам, сен бұл пақырды көп іздеме,
Табарсың түбі кітап-сөрелерден.
Жабықсаң, ішіңе үңіл, өзіңді ізде,

Көп қыртқа көпіршіген сене берме.
Мұратын жүзге балап, мыңға
арнаған
Бір ақын мына мендей керек елге.
Қолыңнан келмегенге – қауқарың
жоқ,
Айтарсың арыз ғылып мен өлерде.
Сол ғана жебеген де, демеген де,
Барымша адал болдым мен өлеңге.
Тұра тұр, бәрін айтып болғаным
жоқ,
Сөзімді, айналайын, бөле берме.
Қалқам-ай, мен шықпаспын сенен
өрге,
Қатамды қаузай берме, тере берме.
Өмірде мен болмасам, қайтер едің,
Адам боп жаралмасам мен егер де?!

Туған ел, туған жерім Қазақстан,
Құйылған құрыштай боп таза
мыстан.
Жәннатым, жаным сүйіп, сені
ойласам,
Құйылар айтатұғын сөз алыстан.
Үш жүз жыл отар болдың орыстарға,
Сен оған қипақтама, намыстанба.
Бір өзім төтеп берем алысқанға,
Қазақта өріс – малда, соғыс – қанда.

Тұра алмайсың тағыңда
Туғаныңды тепкілеп.
Бақытың сол, бағың да –
Қолдаса егер көп тілеп.

Жондарды жаратпайды жотасыз
ғып,
Жандарды жаратпайды қатасыз ғып.
Түбіңе қандай сабаз жетер екен,
Орыны опыраймас опасыздық!

Айналайын, айтқам саған бұрын да,
Көңіл ауған көрінгенге ұрынба.
Не бар дейсің әркім сүйген әйелде,
Не жетеді сәл күнсіген бұрымға!
Досыммен дауласпадым бетке келіп,
Жігіттің сырттанымын сертке берік.
Елiрген ерген жоқпын ешбір топқа,
Көрінген көрген жоқпын көттен еріп.
Тексізге тексізсің деп тіл қатқам жоқ
Әуелден ар-ұяты кеткен өліп.
... Жетпіске жеттім жарау
желіспенен,
Болдыртып, енді түстім еңіске мен.
Жеңсік ас, жеміс те жоқ мен
татпаған,
У да жоқ, уыз да жоқ мен ішпеген.
Кейпіммен көпті көрген көне түрік,
Орнымнан опырылсам өре тұрып.
Бәріне айтқанымның сене берме,
Бірақ та соның бәрі деме өтірік.
Жетеді жанын отқа жаныған жан,
Көреді көкірегінде нәрі бар жан.
Демеймін айтқанымның бәрі
маржан.
Демеймін айтқанымның бәрі де
арзан.

Бақытқа

Бақыт, сен не білесің?
Не білесің?
Кетті деп жыламаймын мен үлесім.
Жыласам, жылаймын мен
Бұл дүниенің
Жексұрын мінезінен жерігесін.
Өлеңнен басқа бақтан байымаған
Өз сырым өзгеге емес, өзіме аян.
Жұбаттым өзімді өзім, қайтем енді,
Көрдім де сені Құртқа, сені Баян.

Серт деген, сенім деген, солай,
жаным.

Қалаймын мен солардың
молайғанын.

Қызғана берме мені сол қатыннан,
Тіпті де басқа менің ой, арманым.

Сенбе оған.

Қарағанмен жұрт ынтығып,
Киноның аты кино.

Бір күндік, ұқ.

Мені ме?

Мені қойшы, қозғалмаймын,
Келгенше бір «данышпан» мұртын
қырып.

Біреулер кетет дейді қытай қаулап,
Қайтпайды құтайса егер құтайған
бақ.

Бәрі де жүрегіңнің ақтығында,
Пәк көңіл арам болсаң, лайланбақ.
Ойласаң, қытайы не, қазағы не,
Жалғанның азабы не, тозағы не?
Меніңше, епті болсаң, текті болсаң,
Аңсаған ғұмырыңды созады Ие.

Есенинмен сырласу

Есенинжан!

Енді сәл-пәл мойында.

Мәңгі жасау менің де жүр ойымда.

Ендігінің керегі жоқ.

Ендігі

Елеусіздеу мен өлмеуім жайында.

Мен шынында елеусіздеу емес ем.

Күнім туса,

сенімен де теңесем.

Сөз онда емес,

Қайран Сергей, килігіп,

Көңілімнен бір кетпейсің,

Неге сен?!

Арақты айтпа.

Мен арақты аһ ұрып,
Саптаяқпен іше аламын сапырып.
Ішкенің не?
Ішпесем де, ішсем де,
Бір айдаһар ұйқатпайды ақырып.
Сен екеуің тауыса алмаған сол уды
Тауысам деп,
Әбжан талай сан ұрды.
Сол заһардан қайтпайтұғын қай
орыс
Қыңсыласам, алып қалар жанымды?!
Кешір мені.
Мен өзіңе сенемін.
Өзің де аман.
Өзім де аман.
Өлеңім.

Ресейді ойран-топыр етер ем,
Қайран менің болып жатса дегенім.
Рязаньды жек көргеннен емес ол,
(Бір адамды жек көргеннен емес ол).
Борыштан да мұсылмандық қалмас
ем,
Орыстарға кетпегенде көп есем.
Секе, кешір. Жігіт едің мәрт мендей,
Жүрейікші бір-бірімізді шет көрмей.
Жолға қарап бізді тосқан анамыз
Баяғыдай бетімізден өпкендей.
Келер ұрпақ.
Келер талай путиндер.
Бірін барыс, бірін түлкі, китім дер.
Мен кетермін.
Қалар қазақ даласы.
Қалар сосын
Сен жырлаған сүйкімді ел!

Мені қойшы.
Келтіре алмай «Р-ға» тіл,
Шаужайыма жармасады бір қатын.
Қой дейтұғын бай болмаса бір уақ,
Қатын түгіл ұмытады күң де атын.
Бермеген соң қызға қылық, ұлға тұр,
Құрсын бәрі.

Бар білгенің «тұр да тұр».
Қатын біткен билік құрған заманда
Ер ерікті,
бола алмайды ұл батыр.

Мені ойшы мен өлмеймін,
Мен өнем.
Келеді әлі немерем мен шөберем.
Еңіретіп мен кеткенмен елімді,
Ең құрғанда аман болшы сен, Өлең!
Басым кессең, жалған айтар мен
емен.
Аулақ болшы жала,
басқа бәледен.
Демім бітіп баратқанда демеген
Аман болшы, айналайын, сен, Өлең!
Екеуміз де тудық жақсы енеден,
Қай құдірет?
Кім бар бізді елеген?
«Тұр, Әбжан» деп
тағы да бір күш берші,
Түсіп қалмай тұрғанымда кемедең.

Бергенінен көргенім жоқ мен
тарлық,
Құдаға – қош,
Жаратпады кемтар ғып.
От пен судан,
аярлықтан мен көрген
Алып шықты ізгілікке іңкәрлық.
Иә, шүкір, елім аман, мен аман,
Елден ерек ұл болуды қаламан.
Басқаны қой, маған бер деп тек қана
Жалбарынып отырғам жоқ мен
Оған.
Берсе, берді.
Бермегенді сұрайтын
Мен емеспін сұм ақын не сұр ақын.
Көкірегі қарс айрылар мен емес,
Көрмеді деп билік қуған бір әкім.
Әкімің кім?
Менің өзім әкіммін.

Дүниеге долданып,
сан ақырдым.
Сандалғанға көрсете алмай сара жол,
Сансырадым,
сартап болдым,
аһ ұрдым.
Енді қайтем?
Енді нетем?
Не істеймін?
Тас төбемнен тұрып алды түспей
күн.
Сен не істесең, айналайын, өзің біл,
Мен бәрібір өзімдікін істеймін.
Көрге тығыл,
көкке самға,
ұш, мейлің,
Мен қаламын.
Мен тағымнан түспеймін.
Сен не істесең, айналайын, өзің біл,
Мен бәрібір өзімдікін істеймін.
Жегенімен жегідей боп іштей мұң,
Мен бәрібір бұдан артық піспеймін.
Сен не істесең, айналайын, өзің біл,
Мен бәрібір өзімдікін істеймін.

Жаратушыға наз

Анда-санда ашуыңа беріп бой,
Қалтырасаң,
қашып кетер көрікті ой.
Өл тайғанда ақылың да қорғаныш,
Қартайғанда қатының да серік қой.
Маған салсаң,
шығатұғын қойша өріп,
Бастырмалап,
бой бермейтін ой серік.
Ақыл серік алдыртпайтын ешкімге,
Бұлтарсаң да бұлжытпайтын жөн
серік.
Бір кезі жоқ басым ойдан босаған,
Жалғызыңды жарылқай көр,
Жасаған!
Қалың ойдан сейілейін деймін де,
Сол баяғы, сол бәледен өш алам.
Бір кезі жоқ басым ойдан босаған,
Жалғызыңды жарылқай көр,
Жасаған!
Қорға мені
тас атқаннан тасадан,
Қорға мені
пілден емес, масадан.
Кездер алыс мен білекті сыбанған,
Мен білмеймін
өттім бе (жоқ) сынаудан,
Кездерімдебесіндіге күн ауған
Көп қинамай, өлтіре сал тұмаудан.













Мазмұны

Қияға самғаған қыран ақын.....	2
Шығармалары	2-5
Естелік уреттер.....	5-21
Өлеңі асқақ мінезіндей өзінің... ..	20-23
Ұлы дала бәрі бір тауларыңнан тектірек (Әбжан Әбілтайдың шығармаларынан).....	22-30
Әбжан Әбілтай (марапаттары).....	31-36

*Кітапхананың мекен- жайы :
101200,
Қостанай облысы, Амангелді ауданы
Дүйсенбин көшесі, 38
Тел.8(71440)21-3-99,21-7-70
Aman.kitaphana@mail.ru*

*Құрастырушы: А. К. Аубакирова
Компьютерлік терілім: А. К. Аубакирова
Редактор: Ж. Б. Бірмағамбетова
04.02.2020
Таралым 3*